

## 2018 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Жамбыл облысы Сарысу аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 96 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 мамырда № 3818 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Сарысу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2018 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Сарысу ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды белгіленген квотаға сәйкес жұмыспен қамтысын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. Асановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Нарбаев*

Сарысу ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы 28 сәуірдегі  
№ 96 қаулысына қосымша

## 2018 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

| Ұйымның атауы  | Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны (адам) | Белгіленген квота мөлшері                        |                                 |
|--|--|--|---------------------------------|
|  |  | Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін | Жұмыс орындарының саны (бірлік) |
| "Казфосфат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы "Қаратау" тау-кен өңдеу кешені | 1569   | 1  | 15                              |

|  |      |      |    |
|--|------|------|----|
| "Сарысу ауданы әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Жаңатас-Су-Жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны | 180  | 1,2% | 2  |
| "Жаңатас-көлік" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі   | 48   | 2%   | 1  |
| "АмирТрансСервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі   | 10   | 10%  | 1  |
| "Алты-Орда-2006" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  | 10   | 10%  | 1  |
| Жеке кәсіпкер "Мутляпова Г.Е."   | 10   | 10%  | 1  |
| Жеке кәсіпкер "Бекмаганбетов"  | 10   | 20%  | 2  |
| Барлығы  | 1837 |      | 23 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК